

қалпында жетті. Ал кейін жаппай репрессияда жасырын кремацияға түскендердің сүйегінің күлі сақталған жоқ, мидай араластырылып, әр шұңқырға көмілген. Смағұл Сәдуақасұлының сүйегін қазақ топырағына жерлеуге біздің қоғам дайын емес еді.

Тікелей тұңғыш президенттің араласуымен, Астана қаласының әкімдігінің қатысуымен Смағұл Сәдуақасұлының сүйегінің күлі қазіргі мұсылмандар қорымына жерленді. Оның жарық жұлдыздай жарқ етіп сөнген қысқа, бірақ айрықша мағыналы ғұмырындағы ұстанымы, отансүйгіштігі бүгінгі азаматтарға, өскелең ұрпаққа үлгі етуге әбден лайық. Оның елдік мұраттарға адал бай мұрасын танып-білу, қайраткерлік қабілетіндегі ұлттық тамыр іспетті қайнар көзді игеріп, бойға сіңіру бүгінгі тәуелсіздік жастарына өте қажет. Ол қамшының сабындай қысқа ғұмырын қазақтың азаттығы мен теңдігіне арнады. Ол 33 жылдық ғұмырын қазақ елінің ел болып өркендеуіне арнады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қамзабекұлы Д. Смағұл Сәдуақасұлы. - Алматы, 1996, 13 б.
2. Ахатов У.А. Смағұл Сәдуақасов: мемлекет және қоғам қайраткері //ҚАҰУ Хабаршысы, 2010. - № 4. 6 б.
3. Қамзабекұлы Д. Смағұл теңізінен – бір тамшы... //Егемен Қазақстан, 2012, 15 қазан, 4 б.
4. М.Қойгелді. Мен «Кіші Октябрьге қарсымын» // Зерде, 2011, 3 ақпан, 9 б.
5. Қамзабекұлы Д. Ағартушылық құбылысы және Алаш қайраткерлері // Манғыстау мұғалімі, 2013, 10 сәуір, 4 б.
6. Сүлейменов Ж. Ұлтын сүйген ұл //Егемен Қазақстан, 2012, 22 мамыр, 3 б.

АЗАТТЫҚ ТАҢЫН АҢСАҒАН АЛАШ АРЫСЫ - ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ

Кеңесқалиева К.

Ғылыми жетекшісі: тар.ғ.к.,

қауымдастырылған профессор м.а., Джумалиева Л.Т.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті

keneskalievakausar@gmail.com

Астана қ.

Қазақ тарихында Алаш қозғалысы мен Алаш партиясының орны ерекше. Бұл қозғалыстың негізінде қазақ халқының ұлттық тәуелсіздігі мен дербестігі үшін күрес және қоғамды жаңғырту идеялары жатыр. Әлихан Бөкейханұлы осы қозғалыстың рухани және саяси көшбасшысы болды. Ол өзінің терең білімі, саяси көрегендігі мен қайраткерлік қызметі арқылы Алаш идеясын алға бастырып, қазақ қоғамының дамуына үлкен үлес қосты. Әлихан Бөкейхан ұлт-азаттық қозғалысының негізін қалаушылардың бірі ретінде белгілі. Оның саяси қызметі қазақ халқының бостандығы мен құқығын қорғауға арналды. Ә.Бөкейхан патша үкіметінің отаршыл саясатына қарсы шығып, халықты білімге, ұлттық сана-сезімге және дербестікке шақырды.

Алаш партиясының құрылуы мен оның мақсаттарын түсіну үшін сол дәуірдің тарихи жағдайын ескерді. Ресей империясының құрамындағы қазақ халқының құқықтарын шектеу, жер мәселесі және ұлттың өзіндік ерекшеліктерін жою әрекеттері Әлихан Бөкейхан мен оның серіктестерін белсенді саяси күреске итермеледі. Алаш партиясы 1917 жылы құрылған және оның басты мақсаты – қазақ халқының ұлттық мүдделерін қорғау болды. Әлихан Бөкейхан партияның бағдарламасын жазуға қатысып, демократиялық қағидаттарды насихаттады. Алаштың басты ұстанымдарына тәуелсіздік, халықтың өзін-өзі басқару құқығы, жердің қазақ халқына тиесілі болуы және ұлттық мәдениетті дамыту кірді. Ә.Бөкейханның пікірінше, қазақ халқы тек өз тағдырын өзі шешу арқылы ғана толық тәуелсіздікке қол жеткізе алды [1.Б.31-34].

Әлихан Бөкейхановтың 1917 жылы, әсіресе оның күзі мен қысында мемлекеттік еркіндікке жетудің түрлі жолдарын қарастырғандығын байқауға болады. Мәселен, ол осы жылдың күзіне қарай Г.Н.Потанин бастаған Сібір автономистерімен қатынас жасап, Сібір автономиясы құрыла қалған күнде Қазақстанның оның құрамына енуін жақтады. Бірақ, бүкіл империя көлемінде жағдайдың күн өткен сайын шиеленісе түсіуіне байланысты, бұл пікірдің іске асуы екіталай еді. Уақытша өкіметтің қолынан саяси билік біртіндеп ұзай берді. Пәрменді биліктің болмауы ел ішінде түрлі террористік актілерге жол ашып берді. Бұл жағдай, әсіресе қолында қаруы жоқ қазақ сияқты жұртқа ауыр тиді. Барлық жерде зорлық-зомбылық етек алды.

Міне осындай жағдайда Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсынов бастаған бір топ қайраткерлердің ұсынысы және ұйымдастыруы бойынша 1917 жылы 5-13 желтоқсан күндері Орынбор қаласында қазақ мемлекеттігі туралы мәселе қаралған жалпы қазақ съезі болып өтті. Съездің күн тәртібінде тұрған ең негізгі мәселе – ұлттық автономия туралы баяндама жасаған Ә.Бөкейханов болды. Съезд бұл мәселе бойынша қарар қабылдап, онда Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақматымен уақытша «Ұлт Кеңесінің құрып, оның аты «Алашорда» болсын» - деді. Он бес адамнан тұрған бұл өкіметтің төрағасы болып көпшілік дауыспен

Ә.Бөкейханов сайланды. Бұл, әрине Әлихан Нұрмұхамедұлының өзін бақытты сезінген сәттерінің бірі еді [2. Б.39-42].

Әр заманның өзіндік көкейтесті мәселелері болған. Әлихан Нұрмұхамедұлы мен оның серіктестері өмір сүрген дәуірде қазақ қоғамы алдында тұрған ең өзекті мәселе – ұлттық теңдік, саяси бостандық еді. Әлихан Бөкейханов мәселелердің жоқтаушысы ғана емес, бүкіл қазақ елінің саяси қайраткері ретінде осы күрес жолындағы көшбастаушысы да болды. Ұлы қайраткердің соңына ерген інілерінің бірі, азаматтықтың тағы бір құрбаны Жүсіпбек Аймауытұлы оған арнау сөзінде: «Қараңғыда қан жылап, қанғырған күнде басыңды қазақ жолына құрбан қылған ағамыз, асқар беліміз! Өмірінде жүрген жолың біздей іңілеріңізге жағып қойған шамшырақ», – дегенде, асыра айтып, қателескен жоқ еді. [3.59 б].

Әлихан Бөкейханның саяси көзқарасының пісіп, жетілуіне, кейін белгілі саяси, қоғам, мемлекет қайраткері әрі қазақ ұлт азаттық қозғалысының ұйымдастырушысы және көсемі ретінде танылуына, саяси күрескер ретінде шындалуына Омбыдағы күндері ерекше ықпал етеді. XX ғасырдың басында қазақ даласында екі ағымның болғаны белгілі. Бірі Бұхара мен Түркістанға бет бұрған дәстүршіл, панисламшыл ағым, екіншісі негізінен Батыс өркениетін үлгі тұтқан жаңашыл, пантүркішіл ағым. Осы екінші ағымның басында Әлихан бастаған орыс мектептерінен тәлім тәрбие алған озық ойлы қазақ зиялылары тұрады. Бұл топ саяси ұстамдылық танытып, Ресей империясына қарсы ашық күреске шығудың әлі ерте екенін анық түсінеді.

Басқа сөзбен айтқанда, Әлихан Бөкейханов кадет партиясынан ат құйрығын үзуін қазақ қауымы үшін өмірлік маңызды үш мәселе жөнінен – аграрлық, ұлттық-мемлекеттік құрылыс және дін мәселесі бойынша келіспегендіктен деп түсіндіреді. Осы басты мәселелер мен олармен тығыз байланысты басқа да күрделі проблемаларды талқылау үшін бүкілқазақтық съезд шақыруды дұрыс деп тапқанын ашық мәлімдейді. Бұл оның көзқарас эволюциясының либералдық-демократиялықтан ұлттық-демократиялыққа қарай өзгеріске ұшырағанын көрсетті.

Әлихан Бөкейханов Ресейдің көрнекті экономист, географ ғалымдарымен бірлесе отырып, «Россия біздің отанымыздың жалпы географиялық сипаттамасы» атты көп томдық еңбектің 1903 жылы шыққан қазақ өлкесіне арналған 18 томның тарауларын жазуға қатысқан. Әлекең қазақтар туралы шынайы мәліметтер келтіріп, қазақтарды асқақтатады. Қазақтың ой-өрісі мен дүние танымы, ежелгі мәдениеті мен тарихы сияқты қасиеттері анағұрлым озық тұрғанын аңғартады.

Уақытша үкімет құлағаннан кейін Қазақ аумақтық ұлттық автономия құруға шешім қабылданды. Алаш орданың құрамына Бөкей Ордасы, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария, Ферғана, Самарқан облыстары мен Әмудария аймақтары кірді. Осы аталған табиғат байлықтары, жер астындағы және оның үстіндегі барлық қазына Алаш автономиясының меншігі деп жариялады [4. 36].

Ә.Бөкейхановтың XX ғасырдың басындағы қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының көсемі болуы оны теңдікке, ұлттық тәуелсіздікке жетудің басқа бейбіт, саяси жағын қарастыруға итермелеушіге, тұтас қазақ елінің мүддесін 7 көздеушіге айналдырды. Теңдік пен ұлттық тәуелсіздіктің төте жолы деп Әлихан Бөкейхан өркениетті елдердің мәдениетінен үлгі алу, сөйтіп халықтың ұлттық мәдениетін өркендету, өнер білімін көтеру, ұлттық сана-сезімін оятуды санаған. Осы идеяны ұлт-азаттық қозғалыстың жаңа стратегиялық бағыты етіп алды. Өзгелердің мәдениетін тану, ғылым – білімін үйреніп, өркениетке ұмтылу тәуелсіздікке бастайтын жол деп түсіндірді. Тәуелсіздіктің өзінен өзі келе қалатын құбылыс, табиғаттың сыйы еместігін, оған жетуде қажырлы қайрат, жігерлі әрекет керектігін бұқараға насихаттап отырды.

«Алаштың талапты азаматтарына» деген «Қазақ» газетінің кезекті санындағы «Қыр баласының» мақаласында тәуелсіздіктің өзектілігі жайында былай деп жазылды: «Бостандық, теңдік, туысқандық ХУІІІ ғасырдан бері жарыққа шыққан таза пікір. Мұны майданға салған Франция жұртының саяси ерлері. Осы үш түрдің бәрі біздің шариғаттан, інжілден, будда оқуынан, Лев Николаевич Толстой философиясынан табылады... Бұл үш ұраннан бөлек адам баласының бақыт, махаббатына жол жоқ...». Тәуелсіздікке қол жеткізудің маңызын Әлихан Бөкейхан «Қайтсек жұрт боламыз» деген атаумен жарияланған мақалада: «Біз қазір екі жолдың тарауында тұрмыз. Қайсысына түсетін болсақ та, ерік өзімізде. Бір жол құлдық – жолы... Екінші жол – жұрттық жолы. Осы бастан автономия алудың қамына кіріссек, милициямызды жасап алып, қарамызды көрсетсек, Алаш Орданы үкіметіміз деп тіресіп қорғасақ, бізді ешкім басынбайды. Үкіметі, әскері бар жұрт деп бізбен әркім есептеседі». Көріп отырғанымыздай, Алаштың арысы тәуелсіздікке ұлттық автономия ретінде қарады. Оған жетудің тағы бір маңызды факторы халықтың бірлігі деп санады. Тәуелсіздіктің өзінен өзі келе салмайтындығын ескертіп, халықты күреске шақырды. «Өз тізгінін өзіме, жұрт боламын десең атқа мін, қолыңа қару-жарақ алып, большевикке қарсы шығып, өзіңнің ерлігіңді іспен көрсет. Елден ер жүректі жігіттер шықса, құрал тауып жасандыру іс басында, Орда ішінде отырғандар міндетті» - дегені осының айғағы. Көріп отырғанымыздай, тәуелсіз ел болу үшін оның атрибуттарының қажет екендігін де ұлт зиялысы ескеріп қойған. «... Автономия болғанда қазаққа қай түрлі автономия қолайлы. Әуелі, мемлекеттік автономия болуға ма яки уаляттық автономия болғанда жерге қарай болу ма, елге қарай болу ма... біздің қазақ автономия бола аламыз десе, осылардың бәрін қарап, аржақ – бержағын тесе қарап, тексеріп барып боламыз деу керек», - деп тәуелсіздіктің тізгінін өзгелердің алып қоймау жағына терең мән берді. Алаш арысының ұлттық автономияны жариялап қана қоймай, оны іс жүзінде іске асырудың жолдарына мән берді [5. Б.78-83].

Әлихан Бөкейханның саяси идеялары оның батыстық білім мен қазақ халқының дәстүрлерін ұштастыруға негізделген. Ол патшалық Ресейдің шектеу саясатына қарсы шығып, қазақ халқының өзіндік құқығын қорғауды көздеді. «Қазақтың жері – қазаққа» деген ұстаным оның жер мәселесіне деген көзқарасының

негізін қалады. Бөкейхан жердің халыққа тиесілі болуы керектігін айтып, қазақтардың өз жерінде толыққанды өмір сүруіне жағдай жасауға шақырды. Бұл идеялар қазіргі Қазақстанның ұлттық бірегейлігін қалыптастыруға ықпал етті. Алаш партиясы құрылғаннан кейін, Әлихан Бөкейхан мен оның серіктестері Алаш Орда үкіметін құрды. Бұл үкіметтің басты мақсаты – қазақ жерінде автономиялық басқару жүйесін енгізу және халықтың құқықтарын қорғау.

Алаш Орда үкіметі білім беру, денсаулық сақтау және экономика салаларында реформалар жүргізуді көздеді. Бөкейханның ұстанымдарына сәйкес, қазақ қоғамының дамуы үшін ең алдымен білім мен ғылымға көңіл бөлу керек болды. Ол қазақ жастарын оқуға, білім алуға шақырып, ұлттық элита қалыптастыруға үлес қосты. Әлихан Бөкейханұлының идеялары қазіргі Қазақстанда да өз маңызын жоғалтқан жоқ. Оның ұлттық тәуелсіздік пен халықтың құқықтарын қорғау туралы идеялары еліміздің саяси және әлеуметтік дамуына ықпал етті. Алаштың демократиялық құндылықтары мен реформаторлық көзқарастары бүгінгі күннің өзекті мәселелерімен тығыз байланысты. Бөкейханның мұрасы – ұлттық бірегейлік пен мемлекетшілдік идеясын сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізу болды.

Алаш Орда үкіметі қазақ халқының тәуелсіздігі мен дербестігі жолындағы алғашқы саяси құрылымдардың бірі болды. Әлихан Бөкейханұлы мен оның серіктестері Ресейдегі 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін автономия алу мүмкіндігін пайдаланып, қазақ қоғамын басқарудың тиімді жолдарын іздеді. Олар елді дамыту үшін кешенді реформалар жүргізу қажет екенін түсінді. Әлихан Бөкейханның көшбасшылығымен Алаш Орда үкіметі ұлттық мектептер ашып, денсаулық сақтау жүйесін жетілдіруге және халықты әлеуметтік тұрғыдан қорғауға бағытталған шараларды жүзеге асыра бастады. Алаш Орда үкіметінің қызметі тек саяси күреспен ғана шектелмеді. Олар ұлттық бірлік пен мәдени мұраны сақтау жолында да көптеген шаралар қабылдады. Бұл үкімет қазақ халқының ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Мысалы, Алаш Орда үкіметі жер мәселесін шешуге ерекше назар аударды. Әлихан Бөкейханның айтуынша, «жер – халықтың байлығы» және ол әділ бөлінуі керек. Осы идея қазақ халқының болашақтағы әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған еді.

Әлихан Бөкейхан – тек саясаткер ғана емес, сонымен қатар ұлт зиялысы, ағартушы және ғалым болған тұлға. Ол қазақ қоғамын білімге, ғылымға және мәдениетке шақырды. Оның көшбасшылығы қазақ зиялыларын біріктіріп, ұлт мүддесі үшін күресуге ынталандырды. Бөкейхан Алаш партиясының бағдарламасын жазып, оның әрбір тармағы қазақ халқының мұқтаждықтарына жауап беретіндей етіп жасалды. Мысалы, ол халықты сауаттандыру үшін қазақ мектептерін ашуға және оқулықтар шығаруға атсалысты. Бөкейхан қазақ зиялыларымен бірлесе отырып, ұлттық баспасөзді дамытуға үлкен көңіл бөлді. «Қазақ» газеті сол кездегі ең ықпалды басылымдардың бірі болды және ол қазақ халқының санасын оятуда маңызды рөл атқарды. Бұл басылымда Әлихан Бөкейхан мен басқа да Алаш қайраткерлері халыққа арналған мақалалар жазып, білім мен ғылымның маңыздылығын түсіндірді. Мысалы, Бөкейханның «Ұлтқа қызмет ету – білімнен басталады» деген ұстанымы оның ағартушылық қызметінің мәнін ашады.

Алаш қозғалысының идеологиясы бірнеше негізгі принциптерге негізделген. Біріншіден, ұлттық бірлік пен тәуелсіздік идеясы басты орын алды. Алаш қайраткерлері қазақ халқының өзін-өзі басқару құқығын талап етті және бұл үшін саяси күрес жүргізді. Екіншіден, демократиялық құндылықтар Алаш партиясының бағдарламасында маңызды рөл атқарды. Әлихан Бөкейхан мен оның серіктестері әрбір азаматтың теңдігі мен құқықтарын қорғауды көздеді. Олар заңның үстемдігін және әділеттілікті қамтамасыз ету үшін күресті. Үшіншіден, экономикалық реформалар да Алаш идеяларының маңызды бөлігі болды. Әлихан Бөкейхан қазақ жерін тиімді пайдалану және ауыл шаруашылығын дамыту мәселелерін жиі көтеріп отырды. Ол қазақ халқының экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін жердің қазақтарға тиесілі болуы қажет деп санады. Сонымен қатар, өнеркәсіпті дамыту және сауда-саттықты жандандыру арқылы қазақ қоғамының әлеуметтік жағдайын жақсартуға ұмтылды [6. Б.67-70].

Алаш партиясының қызметі мен идеялары қазіргі Қазақстанның саяси және әлеуметтік құрылымының қалыптасуына үлкен ықпал етті. Әлихан Бөкейханның реформаторлық көзқарастары мен оның саяси идеялары бүгінгі күнде де өз маңызын жоғалтқан жоқ. Алаш қозғалысының идеялары тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаушы принциптер ретінде қабылданды. Мысалы, ұлттық бірлік, халықтың құқықтарын қорғау және демократиялық қағидаттар қазіргі мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігін құрайды. Алаш қозғалысының арқасында қазақ халқының ұлттық санасы оянып, тәуелсіздікке деген ұмтылыс күшейді. Әлихан Бөкейхан бастаған қайраткерлер қазақ жастарына үлгі болып, оларды білім алуға және ұлттық құндылықтарды сақтауға шақырды. Бұл идеялар бүгінгі ұрпақ үшін де маңызды болып қала береді. Қазақстанның тәуелсіздікке қол жеткізуі Алаш қозғалысының жетістіктері мен идеяларының жалғасы деп айтуға болады.

Бүгінгі Қазақстанда Алаш қозғалысының идеялары ұлттық бірегейлік пен мемлекеттік құрылымды нығайтуда маңызды рөл атқаруда. Әлихан Бөкейханның ұлтты сүю мен елге қызмет ету идеясы қазіргі жастар үшін үлгі. Білім беру жүйесінде Алаш қайраткерлерінің мұрасын насихаттау арқылы ұлтжандылық пен патриотизм қалыптастыруға болады. Мысалы, мектептер мен университеттерде Алаш қозғалысы туралы арнайы пәндер оқытылып, жас ұрпаққа олардың еңбегі мен қызметі туралы мағлұмат беріледі. Сонымен қатар, Алаш қозғалысының реформаторлық идеялары қазіргі мемлекеттік басқару мен заңнамалық жүйенің дамуына әсер етті. Әлихан Бөкейханның әділеттілік пен заң үстемдігі туралы идеялары құқықтық мемлекет құруда үлгі болды. Бұл идеялар бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтқан жоқ, себебі әділетті қоғам құру – әрбір тәуелсіз елдің басты мақсаты [7. Б.18-21].

Белгілі ғалым, алихантанушы Сұлтанхан Аққұлұлы өз сөзінде – «Әлихан 1906 жылдың шілдесінен желтоқсанына дейін газетті шығарып тұрып, Дала генерал – губернаторының бұйрығымен жабылып, тәркіленген «Иртыш» және «Омичь» газеттері 105 жыл бойына беймәлім болып жатты. Оларды Санкт – Петербурдан, Мәскеуден, Омбыдан 18 жыл іздеп жүріп, 2010 жылы Үркіт (Иркутск) мемлекеттік университетінің ғылыми кітапханасы мен Омбының мемлекеттік тарихи - өлкетану мұражайынан таптым – деп жазады. Ұлттық намыстан жұрдай, жалған интернационалист, жадағай белсенділердің көрсетуімен ол 1926 жылы екі рет тұтқындалып, түрме азабын тартты. Ол Мәскеуге жер аударылады, зор беделінен қорыққан большевиктер өкіметі оны Қазақстанға жолатпады. Онда он жыл үй қамауында отырған Әлиханды 1937 жылы тамызында тұтқындап, бір айдан кейін жалған жаламен Мәскеуде ату жазасына кеседі. 1989 жылы 14 мамырда КСРО Жоғарғы сотының қаулысы бойынша әрекетінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан, ақталды. Ол өзінің ғылыми мұрасымен қазақ ұлтына қызмет етудің, қазақты жүрегімен сүюдің үлгісін көрсетіп кеткен асыл ер [8, Б.142-143]. Ақын М. Дулатов айтып кеткендей, Әлихан Бөкейханов – заманымызға қазақ үшін өмірін, білімін жұмсап, ауыр жазаларға кіріптар болып, жанын қиып жүрген күллі қазақ халқына бірінші дерлік жан басшымыз - деген екен. Әлихан Нұрмұхамедұлы бүгінгі қазақ қоғамына несімен қадірлі? Ол «Қазақ үшін Алаш идеясынан, оның бес ұлы нысанынан артық мүдде болуы тиіс емес. Ол идея бүгін де өзінің мүдделі мақсатын жойған жоқ. Қайта тәуелсіздіктің тамыры тереңге кеткен сайын, алдымызға сұрақ болып шығып отыр», - дейді белгілі алаштанушы ғалым Тұрсын Жұртбай [9.18 б].

Сонымен қорытындылай келгенде, Әлихан Бөкейхановтың саяси - әлеуметтік ойлары сол кезеңдегі қазақ зиялыларының ой – пікірлерімен толығымен үндесіп жатты. XX ғасырдың басындағы қазақ халқының тарихы өзінің әлеуметтік және қоғамдық – саяси қайшылықтарымен ерекшеленеді. Рухани азаттық пен демократиялық – ағартушылық идеяларға толы бұл кезең халқымыздың не бір алып ой иелерін жарыққа шығарған шын мәніндегі қазақ ренесансы дәуірі болды. Ширек ғасыр аралығында ғана дамыған қоғамдық – саяси ой-пікірлердің жоғары тұжырымдары бірғасырлық мерзімге жүк боларлық көкейтесті мәселелерді заман сахнасына көтерді.

Осы күрделі кезеңде қоғамның ізгілікті даму бағытын армандаған зиялы азаматтар - өз халқын жалпы адамзаттық биік рухани қағидаларға баулып, өз елін өркениет биігінен көргісі келген нағыз ұлтжанды қайраткерлеріміз қоғамдық – саяси ой-пікірлердің өкілдері реформациялық, жаңару мен бостандық идеяларының нағыз жаршылары ретінде танылды.

Әлихан Бөкейханов – халқына адал қызмет еткен, оның өркениетті ел қатарына қосылуына, тәуелсіз ел болуына айрықша еңбек сіңірген ұлы тұлға.

Оның айтқан идеяларының әлі күнге дейін өз маңызын жоймағаны ақиқат. Осы Әлихан Бөкейхановтың қалдырған, рухани мұрасын сақтау болашаққа зор міндет деп ойлаймын. Бір сөзбен айтқанда, тарих беттерінде шыңдалып, елеулі орынға ие болғанына көзіміз жетіп отыр. Қазақ зиялыларының жарық жұлдыздай жарқ етіп сөнген, бірақ айрықша мағыналы ғұмырындағы ұстанымдары, отансүйгіштігі бүгінгі азаматтарға, өскелең жас ұрпаққа үлгі етуге әбден лайық деп есептеймін. Олардың елдік мұраттарға адал бай мұрасын танып-білу, қайраткерлік қабілетіндегі ұлттық тамыр іспетті қайнар көзді игеріп, бойға сіңіру бүгінгі тәуелсіздік жастарына өте қажет деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Озғанбай Ө. Ресей Мемлекеттік Думасы және Алаш қайраткерлері. XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының тәуелсіздік контекстіндегі қызметі атты республикалық ғылыми практикалық конференция материалдары. - Ақтау, 2013, Б.31-34.
2. Дулатбеков Н. Алаш ардақтылары: Санкт Петербург іздері. - Алматы: «Таймас», 2013. - Б.39-42.
3. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. Монография. - Алматы, 2002. - 59 б.
4. Алаш партиясы және тәуелсіздік. Қозғалыстың тарихи және әлеуметтік талдауы. Электронды тарих порталы. <https://e-history.kz>. 2021. 3 б.
5. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. - Алматы: «Ататек», 1995. - Б.78-83.
6. Дүкенбаева З. Қазақтың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917– 1941). - Алматы: Ғылым, 2003, Б.67-70.
7. Жұртбай Т. Әлихан Бөкейханов // Аңыз адам. 2016. - Б.18 -21.
8. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. 2- кітап. - Алматы, 2003. - Б. 142-143.
9. Жұртбай Т. Әлихан Бөкейханов // Аңыз адам, 2016. - 18 б.

ТӘУЕЛСІЗДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

Сагинаева М.М.

Ғылыми жетекшісі: Алдабаева Г.Т.

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

mereisaginaeva@gmail.com

Қарағанды қ.